

8	тромбоз	тромбоз	қан ұйысу, қан ұю
	У		
9	уақытша жеңілдік беретін операциялар	паллиативные операции	уақытша жеңілдік беретін оталар
	Ү		
0	үн	тон	дыбыс
	Ф		
1	фермент	фермент	ұйытқы
2	флегмона	флегмона	бітеу жара; дүнк
3	флюс	флюс	ісік
	Ц		
4	ыдырау	лизис	расползаться
5	эндоскопиялық операциялар	операций эндоскопические	эндоскопиялық оталар
6	эпилепсия	эпилепсия	қояншық

Қорытындылай келе, 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігін зерттей келе ұлт тіліне аударамыз деп кейде мағынасы келмейтін аудармалар, мағынасын келтіреміз деп жарыспалы атаулар (мысалы, синергизм деген сөзді селбесу, бірлесу, қатарласу, үйлесім, ұштасу, септесу деп, «спазмды» – түйілу, тарылу, тырысу, бырысу, жиырылу) кездесті. Тағы да бір жиі кездесетін қателік – басқа тілден енген дербес ұғымдық мәні әртүрлі терминдерді қазақтың бір-ақ сөзімен атай салу. Мысалы, бір сөздікте кома – естүссіздік, сопор – естүссіздік деп аударылған. Сондықтан әлі де медицина сөздіктерін түзуде, сөздерді мағынасына қарай дұрыс аудару қажет деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал) . – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
2. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Медицина: 12000-ға жуық термин (жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков; ғыл. жетекші А.Қ. Құсайынов). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. – 532 б.

ӘОЖ 81

ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ

Батырхан Жансая Бекжанқызы
zhansaya36@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж. Жақыпов

Баяндамамыздың мақсаты тілдің синтаксистік құрылысының логикалық ойлаумен байланысы, синтаксистің логикалық қырларын сипаттау болғандықтан, алдымен тіл философиясы, логика сияқты ғылым салаларының синтаксистік құбылыстарға орайласатын тұстарын баяндап алу қажет.

Тіл білімі философияның тіл философиясы дейтін тарауымен тығыз байланысқан. Бұл екеуінің ортақ объектісі – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысуы. Ойлау мен оның заңдары – философияның негізгі мәселелерінің бірі. Ал тіл – ойдың жемісі, ойды қалыптастырып оны жарыққа шығаратын форма, яғни ой құралы. Адамдар тіл арқылы өз ойын басқаларға жеткізіп, тіл арқылы, сөйлеу арқылы басқаның ойын біле алады. Сондықтан ойлаудың жемісі, оның материалдық формасы, құралы болып табылатын тілге философия ғылымы мән бермей тұра алмайтыны белгілі. Тілсіз ойлау заңдылықтарын дұрыс шеше алмаймыз. Тіл – ойлау құралы, ой – оның мазмұны мен мағынасы, ал мағынасыз форма болмайды. Сондықтан лингвистер тілдің мағыналық жағына, оның ойды қалай жарыққа шығаратынына жәй қарай алмасы анық. Ал оны білу үшін ойлау заңдылықтарынан хабардар болуы және философия ғылымының жетістіктеріне сүйену қажет болады [1,87]. Тіл білімі мен философия арасындағы байланыс екі жақты. Философия жалпы заңдылықтарды зерттейтін ғылым ретінде тіл біліміне әдістемелік негіз болса, тіл білімі ойды қалыптастыру және жарыққа шығаруда философияға материалдар береді. Ой мен тілдің байланысын дәлелдеуге және адамда алғашқы кезде ойлану процесінің пайда болуына тілдің негізгі себеп болғанын жоққа шығара алмаймыз. Адамдар бір-бірімен пікір алмасуы тіл арқылы жүзеге асады. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсіне алады. Ойдың жарыққа шығып іске асуы үшін тілдік материалдараға негізделеді. Ойымызды сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер көмегімен жеткізе аламыз. К. Маркс: «Тіл дегеніміз – ойдың шындығы», – деген пікір айтқан. Ой шындығы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер түрінде көрініс табады. Тіл пікір алмасудың құралы және ойды білдіруші. Тіл және ойлау байланысты. Дыбыстық тіл де, абстарктілі ойлау да адамзатқа тән болып келеді. Біріншіден, тіл мен ойлау – адам миымен байланысты құбылыс. Екіншіден, тіл және ойлау қоғамдық құбылыстар болып саналады.

Қазіргі ғылымға, әсіресе философияға тілдің табиғатын көп көңіл бөлінуде. Тіл мәселесі философия ғылымына да ортақ мәселе. Лингвистикалық философия қалыптасып, тіл мен ойлаудың байланысы зерттеле бастады. Ол тіл философиясын зерттеудің нысаны болу керек деген ұғым берді, ол мұндай зерттеудің тұжырым формасын жасады. Тіл өздігінен болмайды, ойлау мен шындық тілмен тығыз байланысты. Сондықтан тілді логикалық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы онжылдықта елде логикаға деген қызығушылық арта түсті. Логика дәстүрлі университеттердің және басқа жоғары оқу орындарының көптеген гуманитарлық және жаратылыстану факультеттерінде, сондай-ақ гимназияда оқытыла бастады. Логикалық мәдениет саяси және басқа да өмірлік тұжырымдамаларды жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Ойлау – бұл объективті әлемнің концепцияларындағы, пайымдаулардағы, қорытындылардағы талдау мен теория құрудағы арнайы ұйымдастырылған заттың ең жоғарғы өнімі. Ойлау еңбек және сөйлеумен тығыз байланысты. Ойлау нәтижелері тілде сөйлем түрінде айтылып не жазылады. Шындықты жалпылама бейнелеуге ойлау қабілеті, адамның жалпы ұғымдарды қалыптастыру қабілетінде жиі көрінеді. Шындықты жанама бейнелеу адамның логикалық ой-қорытынды, дәлелдеу әрекетінде көрінеді [4,3]. Логика ең алдымен танымдық

процестерге қызығушылық танытады. Логика арқылы біз ойлау формаларын түсіне аламыз. Философия ақиқат деген не, оны алуға болады ма деген сұрақтарды қарастырады.

Логика – дұрыс ойлаудың заңдылықтары мен формалары туралы ғылым. Логика ойлауды таным құралы ретінде зерттейді. Шындықты білуге байланысты сұрақтар философияның ең маңызды сұрақтарының бірі болып табылады. Танымдық ойлауды зерттейтін және таным құралы ретінде пайдаланылатын логика философиялық ғылым ретінде пайда болды. Қазіргі уақытта логиканың екі ғылыми бағыты бар. Олар: формальды логика мен диалектикалық логика. Абстрактілі ойлаудың негізгі формалары – пайымдау мен ой қорытынды. Тіл – бұл шындықты тану және адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде ақпаратты қалыптастыру. Логика ойлаудың заңдылықтары мен формаларын, логикалық әдістер мен амалдарды зерттейді. Бұл ғылым IV ғасырда дамыды. Оның негізін қалаушы ежелге рек философы Аристотель болды. Француз философы Р. Декарт ортағасырлық схоластиканы сынға алды, ол логика идеяларын дамытып «ақыл-ойға басшылық» эссесін жазды [3,15]. Философияда ойлау адамның санасында объективті шындықты бейнелеу процесі болып табылатын танымдық қызметтің ең жоғары формасы ретінде түсіндіріледі [4,3].

1660 жылы «Универсалды грамматика» еңбегі жарияланған. Оны француз ғалымдары – логик, философ, профессор Антуан Арно мен филолог, профессор Колод Лансло екеуі бірігіп жазған. Екі ғалым да Франциядағы ғылым мен халық ағарту істерінің орталығы болған Пор-Рояль монастырының ғалымдары болғандықтан және сол монастырдан шыққандықтан, оны «Пор-Рояль» грамматикасы деп атайды. «Пор-Рояль» грамматикасы ежелгі грек, еврей және француз тілдері негізінде жазылған. Кітап барлық тілдерге ортақ логикалық негіздері және олардың арасындағы өзгешеліктерді ашу мақсатында жазылған. Кітапта екі түрлі принцип басшылыққа алынған: біріншісі – берілген грамматикалық ережелердің жалпы тілдік болуы, екіншісі – ол ережелердің логикаға негізделуі жайлы жазылған. Бұл еңбектердің тіл біліміне қосқан жаңалықтарымен бірге бірсыпыра қателіктері де бар екені дәлелденген. Олардың ең негізгісі – логикалық санаттар мен тілдік санаттарды бір-бірінен ажыратпай, тең құбылыс деп қарауы болды. Кітап авторларының айтуынша, әр тілдің өзіндік грамматикасы деген болмайды, грамматика жалпы тілдік деп көрсетеді. Өйткені грамматикалық санаттар – логикалық санаттың көрсеткіші, ал логика санаттары жеке ұлттық болмайды, жалпы адамзаттық болады деп анықтама берген. Логика санаттарының жалпы адамзаттық болатыны даусыз, бірақ тіл және ұлттық, халықтық болады. Екі ғалымның жіберген қателіктері осы болып тұр. Ойлау жүйесі мен ой санаттарын әр тіл өзінше көрсетеді. Олай болатыны логикалық санат пен тілдік санаттар арасында біршама өзгешеліктер болады, бұл екеуі тең емес. Тіл санаттары логикалық санаттарға қарағанда әлдеқайда өрісті [1,88].

Логика ғылымының зерттейтін негізгі саласы – ойлаудың заңдары мен ой формалары. Ойлау дегеніміз – шындық дүниенің мида бейнеленуі болып табылады. Логика заңдары мен ережелерін білу арқылы дәйекті ойлап, дұрыс пайымдап, ой қорытындыларын жасай аламыз.

Ойлаудың негізгі формалары: *ұғым, пайымдау және ой қорытындысы.*

Тіл және ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл адамдардың қатынас құралы, ал ойлау тіл арқылы көрініп, тіл арқылы жарыққа шығады. Тілдің мәні мен оның қызметін, ойлау мен тілдің ара қатысы және т.б. мәселелерді зерттеп шешу үшін философия тіл біліміне бағыт-бағдар сілтейді. Адамның ойлауы тіл формасы түрінде іске асатын болғандықтан, философия адамның ойлау жүйесі, анығырақ айтқанда, өзін қоршаған дүниені адамның тану процесі тілде қалай көрінеді деген мәселені ескерусіз қалдырмайды [2,13]. Бізді қоршаған дүние және оның заңдары адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүреді, ал адамдар оны еңбек процесінде таниды. Адамның ойлауы тіл арқылы материалды жамылғышқа оранады да, объективті шындықта болған нәрсенің бәрі де тілде белгіленеді. Ғылым – объективтік өмірдің ақиқат заңдылықтары туралы білімнің жоғарғы сатысы, теориялық ойлаудың жемісі. Ғылым адам

баласының ой-санасының дамуына, дүние танымның өсуіне байланысты қалыптасты. Қазіргі заманда ғылымның көптеген түрі бар. Олар зерттеу нысанына қарай әр түрлі топтарға бөлінген. Әдетте ғылымды жаратылыстану ғылымдары және қоғамдық ғылымдар деп екі топқа бөледі. Философия ғылымы бұл екеуіне де қосылмайды. Философия ғылымының оқшау тұратын себебі – ол жоғарыда аталған екі топтағы ғылымның екеуіне де қатысы бар жалпы заңдылықтарды зерттейді. Бұл табиғат пен қоғам, тіл мен ойлаудың жалпы заңдылықтарын қарастыратын ғылым [1,85]. Тілдің көмегімен адамдар бір-бірімен ой алмасады, тіл арқылы бір адамның ойы екінші адамға түсінікті болады. Тіл – материалдық, ал ойлау – идеалды, өйткені бұл шындықтың адамдар санасындағы көрінісі. Тіл ойдың заттық қабығы, ал ойлау тілге мағына береді. Тіл материалдық қабық бола отырып, ойлаудың жетістіктерін бекітіп және танымның одан әрі ілгерілеуіне ықпал етеді. Осы ойдың материалдық көрінісі ретінде тілдегі синтаксистік бірліктер де қызмет етеді.

Синтаксистік бірліктерді зерттеудің логикалық аспектілеріндегі басты нәрсе – ойлау формалары мен тіл арасындағы байланысты нақтылау.

Қорыта айтқанда, кез-келген сөйлем белгілі бір ойдың белгісі емес, тек бейнесі. Әр ұлттың тілі өзінің сана-сезіміне, ой-өрісіне сай түрде ғана ойдың суретін бере алады. Сөйлемді толық тану үшін, оның қандай ойлау сатысында екенін білу де маңызды. Адам баласы бір істі бастардың алдында немесе бір пікірді айтардың алдында да ойланады. Сондықтан айтқан сөзі мен істеген ісі сәйкес келіп жатады. Ойлау – адамға ғана тән қасиет. Адам баласы ойлағанын ауызша да, жазбаша да жеткізе алады. Ойлаған ойдың сан түрлісін осы дыбысты тіл арқылы жеткізуге болады. Дегенмен де ойдың ауқымы кеңірек, әр ойлаған ойды бір сөзбен, не бірнеше сөзбен немесе бірнеше сөйлеммен оңай қоюға болмайды. Сөйлем мүшелерінің қайдан, қалай шыққандығын білу үшін тіл және ойлау мәселесіне тоқтамай өте алмаймыз. Өйткені, тіл мәселесі ойлаусыз шешілмейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 195 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 560 б.
3. Кириллов В.И, Старченко А.А. Логика. – Москва: Юристъ, 1995. – 256 с.
4. Тягунов Ф.Ф. Логика. – Москва: Издательство НПО «МОДЭК», 2001. – 144 с.
5. Петрова В.В. Философия, логика, язык. – Москва: Прогресс, 1987. – 336 с.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 560 б.

ӘОЖ 85.03(5 Қ)

АРАБ-ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Бегжан Нұрай

asya_2309@mail.ru

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Г.Бөкен

Тіл – ұлттың баға жетпес қазынасы, достықтың алтын көпірі. Мұндағы «достық» деген сөзіміздің астарын кең мағынада түсінген жөн, яғни біздің «кең мағына» деп меңзеп отырғанымыз өзге ұлттармен қарым-қатынас орнатуды айтып тұр. Енді осы тұста баршаға түсінікті қарапайым концепция, ол – ұлт болған соң оның тіліндегі кейбір өзгерістер мен